

Ақмола облысы әкімдігінің  
2015 жылғы 26 мамырдағы  
№ А-6/229 қаулысымен  
бекітілді

## **«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Ақмола облысының балаларға арналған қосымша білім беру, жалпы орта білім беру үйымдарымен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны: қағаз түрінде.  
3. Білім алушыны ата-анасының бірінің немесе заңды өкілінің өтініші негізінде балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру үйымына қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің (қызметшілерінің) әрекет ету тәртібінің сипаттамасы**

4. Мемлекеттік қызмет алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 170 қаулысымен бекітілген «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) [9-тармағында](#) көрсетілген құжаттарды ұсынады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің кұрамына кіретін әр рәсімнің (әрекеттің) мазмұны, оның орындауда мерзімінің ұзақтығы:

- 1) жауапты орындаушы құжаттарды қабылдауды және бүйректың жобасын дайындауды жүзеге асырады – 15 минут. Нәтижесі – бүйректың жобасын басшылыққа жолдайды;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бүйректың жобасымен танысады – 10 минут. Нәтижесі – бүйрекқа қол қою;
- 3) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға бүйректың көшірмесін береді – 5 минут. Нәтижесі – балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру үйымына қабылдау.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы**

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) тізбесі:

- 1) жауапты орындаушы;
  - 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы.
7. Әрбір рәсімнің ұзақтылығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер


(қызметшілер) арасында рәсімдердің (іс-қимылдың) кезеңділігін сипаттау:

- 1) жауапты орындаушы құжаттарды қабылдауды және бұйрықтың жобасын дайындауды жүзеге асырады – 15 минут;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы бұйрықтың жобасымен танысады – 10 минут;
- 3) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға бұйрықтың көшірмесін береді – 5 минут.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет беру процесінде көрсетілетін қызметті беруші рәсімдерінің (іс-қимылдарының), құрылымдық бөлімшелерінің (қызметшілерінің) кезеңділігін толық сипаттау, осы регламенттің [косымшасына](#) сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет берудің бизнес-процесінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Балаларға қосымша білім беру бойынша  
қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар  
қабылдау және оқуға қабылдау»  
мемлекеттік көрсетілетін қызметтің  
регламентіне қосымша

**«Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру  
ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік  
көрсетілетін қызметтің регламентіне мемлекеттік көрсетілетін қызмет  
берудің бизнес-удерістерінің анықтамалығы**

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет беру процесі (жұмыс барысы, ағыны)			
Көрсетілетін қызметті алушы	КФБ1- тобы	КФБ 2- тобы	КФБ 3- тобы
	<p>жауапты орындаушы күжаттарды қабылдауды және бүйрықтың жобасын дайындауды жүзеге асырады – 15 минут.</p>	<p>керсетілетін қызметті берушінің басшылығы бүйрықтың жобасымен танысады – 10 минут.</p>	<p>жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушыға бүйрықтың кешірмесін береді – 5 минут.</p>

\*КФБ - құрылымдық-функционалдық бірлік: көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық белімшесінің (қызметкерлерінің);



- мемлекеттік көрсетілетін қызметті берудің басталуы немесе аяқталуы;



- көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) КФБ рәсімінің (әрекетінің) атауы;



- келесі рәсімге (әрекетке) аудису.